

## Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 5 қыркүйек N 1346

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 ақпандағы кеңейтілген мәжілісінде айтылған тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 ақпандағы N 327 P000327\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса тіркеліп отырған Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының тұжырымдамасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасының Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі мүдделі орталық атқарушы органдармен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, 2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде осы Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын әзірлесін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 5 қыркүйектегі  
N 1346 қаулысымен  
мақұлданған

Қазақстан Республикасы Көші-қон саясатының  
тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тұжырымдамасы (бұдан әрі - Тұжырымдама) көші-қон процестерінің негізгі қағидаттарының, басымдықтарының, тетіктерінің, міндеттері мен әдістерінің негізгі жүйесін тәртіпке келтіру мен реттеуді білдіреді. Осы Тұжырымдамада көші-қон процестерін реттеу деп - Қазақстанның

ағымдағы және алыс перспективалық қажеттіліктеріне жауап беретін және көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін бағыттарда адамдардың қоныс аударуын ынталандыруға не шектеуге бағытталған әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық шаралар кешені түсініледі.

Көші-қон процестері мемлекеттік қауіпсіздікке, қоғамдық келісімге, елдегі экономикалық және демографиялық ахуалға әсер етеді.

Көші-қон саясаты Қазақстанның мемлекеттік сыртқы және ішкі саясатының құрамдас бөлігі болып табылады, оны іске асыру мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болуға тиіс.

Көші-қон саясатының субъектілері - орталық және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

Мемлекеттік органдардың көші-қон саясатын іске асыру жөніндегі әріптестері қоғамдық бірлестіктер болуға тиіс.

Тұжырымдама адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау негізінде, жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, көші-қон саясатының негіздерін айқындайды.

Тұжырымдама еліміздің тұрақты дамуға көшу кезеңіне және экономиканың тұрақтануы мен өсуінің ұзақ мерзімдік перспективасына есептелген.

Тұжырымдама таяудағы перспективаға мемлекеттің саяси болмысын және әлеуметтік-экономикалық жағдайын негізге алады, олар Қазақстан Республикасындағы көші-қон процестерін реттеу жүйесінің шектеушілері болып табылады.

Көші-қон саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына, халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, Қазақстан Республикасының Заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге негізделген.

Тұжырымдама көші-қон процестерін реттеудің отандық және шетелдік тәжірибесін ескереді.

## 1. Көші-қон ахуалын бағалау

Қазақстанның халық көші-қоны саласындағы ерекшелігі мемлекет дамуының тарихи ерекшеліктерінен туындаған көп ұлтты адамдар қауымдастығының орнығуы болып табылады.

Мәселен, 1968 жылға дейін республика үшін халықтың көші-қонының оңды сальдосы тән болды, яғни, елімізге келушілердің саны одан кетушілердің санынан едәуір көп болды. Мысалы, 1950-1959 жылдар мен 1960-1969 жылдар кезеңінде орташа жыл ішінде 1000 адамға шаққанда республикадағы халықтың көші-қон өсімі тиісінше 12 және 5 адам болды.

Алайда, 1968 жылдан бастап қазіргі кезге дейін республиканың көші-қон процесінде кері ахуал қалыптасты, яғни елге халықтың келуінен гөрі кетуі неғұрлым

ж е д е л

қ а р қ ы н д а .

Мысалы, 1970-1979 жылдар мен 1980-1989 жылдар кезеңінде орташа жыл ішінде 1000 адамға шаққанда республика халқының көші-қон есебінен кемуі тиісінше 5 және 7 адамды құрады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздік алуымен, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының трансформациялық процестерінің басталуымен және басқа да көптеген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі сияқты Қазақстанда жекелеген этникалық топтардың тарихи Отанына оралу мүмкіндігінің кеңеюімен көші-қонның теріс сальдосының өсу үрдісі қалыптасты. Мәселен, соңғы 10 жыл ішінде көші-қонның теріс сальдосы халықтың осы кезеңдегі табиғи өсімін толығымен жұтып қана қойған жоқ (1990 жылдарда табиғи өсім, туу санының күрт азайып кетуі және 1980 жылдармен салыстырғанда қайтыс болғандар санының ұлғаюы есебінен 2 есеге дерлік азайды) сонымен қатар және одан 2 еседен астам асып кетті.

Қазақстан Республикасындағы көші-қон ахуалы мынадай негізгі

процестермен сипатталады:

1. Эмиграцияда халықтың бұрын патша заманында Қазақстанға жіберілген, сталиндік режим жылдарында жер аударылған, тың және тыңайған жерлерді игеруге жіберілген орыс тілді бөлігі өкілдерінің және әскери-өнеркәсіп кешеніне қызмет көрсететін контингенттің кетуі басым;

2. Көшіп келуде этникалық қазақтардың қарқыны басым, ол мынадай жағдайлардан:

өзінің ұлттық бірегейлігін сақтау ниетінен;  
әскери жанжалдар салдарынан;  
тарихи отанына оралу ниетінен туындап отыр.

3. Ішкі көші-қонда:

аграрлық сектордың құлдырауы нәтижесінде ауылдық елді мекендерден халықтың көшіп кетуі;

қаланы ұстап тұрған кәсіпорындар мен өңдеу кешендерінің тоқтап қалуы салдарынан шағын және орташа қалалардан кетуі;

экологиялық себептер салдарынан Семей полигоны аймағы мен Арал өңірінен халықтың көшіп кетуі.

4. Қазақстан Республикасының геосаяси орналасу жағдайынан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен шекаралардың ашықтығынан, достастық елдерінің бірінғай келісілген саясаты болмауынан және заңдық базаның жетілмеуінен туындаған

з а ң с ы з

к ө ш і - қ о н .

5. Ішкі еңбек рыногында өзіміздің еңбек ресурстары асып-артылып жатқан кезде

шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты еңбек көші-қоны.

6. Бірқатар мемлекеттердегі қоғамдық-саяси жағдайдың тұрақсыздығы салдарынан б о с қ ы н д а р д ы ң б о л у ы .

Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның босқындар мәртебесі туралы 1959 жылғы Конвенциясына және оған 1967 жылғы Хаттамаға қосылуы босқын мәртебесін алудан үміттенетін адамдарды қабылдау жөнінде белгілі дәрежеде міндеттеме жүктейді.

Көші-қон проблемаларын шешу Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тұрақтану перспективаларымен айқындалады.

## 2. Көші-қон саясатының мақсаты мен қағидаттары

Көші-қон саясатының мақсаты - көші-қон процестерін басқару тұрақты демографиялық дамуды қамтамасыз ету еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту және көшіп-қонушылардың құқықтарын іске асыру үшін жағдай жасау.

Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты мына қағидаттарға:

көшіп-қонушылардың құқықтарын сақтау мен қорғауға, оларды нәсілдік, ұлттық, тілдік белгілері, шығу тегі, діни нанымы, саяси сенімі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы бойынша кемсітушілікке жол бермеуге;

көші-қон процестерін және халықаралық міндеттемелерді реттеу саласында заңдардың ережелерін орындауды қамтамасыз етуге;

жеке адам мен мемлекеттің мүдделерін ұштастыруға, өкімет билігінің барлық тармақтары мен қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруге;

Қазақстан Республикасы халқының мүддесін қорғауға, тең құқықты ынтымақтастық негізінде халықтың көші-қоны алмасуындағы Қазақстан мен әріптес-мемлекеттердің б а с ы м д ы қ т а р ы н к е л і с у г е ;

жергілікті халық пен көшіп-қонушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге негізделеді.

## 3. Көші-қон саясатын іске асырудың басымдықтары, негізгі бағыттары

Көші-қон ахуалының қазіргі кездегі жағдайына және даму перспективасына талдау жасау: біріншіден, көші-қон проблемаларын шешудегі басымдықтарды; екіншіден, өтпелі кезеңде оларды шешудің негізгі бағыттарын, тетіктерін және көші-қон процестерін реттеу жөніндегі бағдарламаны әзірлеуді және оны ұзақ мерзімдік перспективаға - әлеуметтік-экономикалық тұрақтылық пен елдің тұрақты дамуы кезеңіне іске асыруды айқындауға мүмкіндік береді.

Көші-қон саясатының неғұрлым елеулі басымдықтары ретінде:

өтпелі кезеңнің мәселелерін шешу үшін:

оралмандарды жайластыруға, қоныстанған жеріне олардың бейімделуіне және жергілікті әлеуметтік ортаға бітеқайнасып кетуіне, қарулы жанжалдарды бастан кешірген адамдарды психологиялық сауықтыруға барынша жәрдемдесу;

мәжбүрлі көші-қон, соның ішінде заңсыз көші-қон ағыны мен одан туындайтын теріс салдарлардың алдын алу және жолын кесу;

босқындар деп танылған адамдардың әлеуметтік ортаға тезірек бітеқайнасып кетуі және олардың өздері шыққан мемлекетке ерікті түрде қайтып оралуы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының аумағында көшіп келуді бақылау жүйесін құру және дамыту;

эмиграция процестерін азайтуға және тұрақтандыруға, соның ішінде республиканың интеллектуалдық әлеуетінің кетуін болдырмауға жәрдемдесу ішкі және сыртқы еңбек көші-қонын реттеуді қамтамасыз ету;  
ұзақ мерзімдік перспективада:

әлеуметтік-экономикалық алғышарттарды жасау және соның негізінде көші-қон ағынын қайта бағдарлау;

Қазақстанның геосаяси жағынан маңызды аймақтарында халық санының сақталуына және одан әрі қалыптасуына жағдайлар жасау;

халықаралық еңбек рыногына Қазақстанның өркениетті ықпалдасуын қамтамасыз ету, қазақстандық эмигранттар арасынан білікті мамандардың қайтып оралуын ынталандыру;

Қазақстан Республикасының аумағында көшіп келуді бақылау ісінің бірыңғай жүйесін енгізу және жүзеге асыру жолымен көшіп келу процестерінің бақылануын қамтамасыз ету;

шет елдердегі отандастармен сындарлы өзара қарым-қатынасты қолдау және дамыту болып табылады.

Көші-қон саясатын іске асырудың негізгі бағыттары, тетіктері

Өтпелі кезең үшін:

1. Оралмандарды жайластыруға, олардың қоныстанған жеріне бейімделуіне және жергілікті әлеуметтік ортаға бітеқайнасып кетуіне, қарулы жанжалдарды бастан кешірген адамдарды психологиялық сауықтыруға барынша жәрдемдесу;

Оралмандардың жаңадан келген жерінде бітеқайнасып кетуі мыналарды көздейді: мемлекет кепілдік беретін негізгі құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға қажетті жағдайлар жасау және көмек көрсету;

әлеуметтік қолдау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жүзеге асыру, жайластыруға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға және қайта инвестициялауға

мүмкіндік беретін жүйе жасау, жұмыссыз оралмандарды жұмысқа орналасуға және қайта даярлауға жәрдемдесу, кәсіпкерлік бастаманы көтермелеу әлеуметтік қорғау жүйесіне нақты қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Оралмандарға көмектесу бағдарламаларын аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың бағдарламалары мен неғұрлым тиімді ұштастыру мыналарды көздейді:

тұрғылықты халықтың мүдделерін ескеру. Оралмандарға көмек көрсету, олар жинақы орналасқан аудандарда инфрақұрылымды дамыту кезінде тұрғылықты халық арасында реніш тууына жол бермеген жөн. Бұл ретте, көшіп келушілер мен жергілікті халық арасындағы этникалық, мәдени, тілдік және конфессиялық арақатынасты ескеру маңызды.

атқарушы органдар мен оралмандар үшін көңілге қонымды тұрғылықты жерді таңдау;

бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен пайдалана отырып оралмандардың бейімделу және бітеқайнасып кету проблемалары туралы халыққа хабарлап отыру.

2. Мәжбүрлі көші-қон ағынының алдын алу және одан туындайтын теріс салдарларды болдырмау.

Басқа мемлекеттерден келетін мәжбүрлі көші-қонның алдын алудың аса маңызды бағыты - көші-қон ағынын жан-жақты есепке алу заңнамалық базаны жетілдіру және Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен екі жақты қарым-қатынас орнату кезінде отандастарымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын зерделеу болып табылады.

Мемлекеттік басқару органдары азаматтарды қоныстандыру процестерін және олардың құқықтарын қорғауды реттейтін екі жақты және көп жақты келісімдерді тезірек жасасуға және іс жүзіне асыруға жәрдемдесетін болады.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде және алыс шет елдерде тұрып жатқан этникалық қазақтардың қоныс аудару жағдайы туралы объективті ақпарат алуына, оралман мәртебесін алуына және Қазақстан Республикасында тұруына жәрдем көрсететін болады.

Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында экологиялық жағдайдың мониторингін енгізу қажет. Егер ахуал халықтың өмірлік тіршілігі үшін белгіленген нормаға сай келмеген жағдайда, орталық және жергілікті атқарушы органдар экологиялық жағдайдың бұзылу себептерін жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын болады, ал мұны жасау мүмкін болмаған жағдайда - халықты көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асырады және іс-әрекеті экологиялық жағдайды бұзуға алып келген барлық меншік нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдарды осы іс-шараларды қаржыландыруға тартады.

Экологиялық жағдайы қолайсыз аудандарда көшіп-қонушылар ағынын шектеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және өткізу қажет.

3. Мәжбүрлі көшіп-қонушылардың және босқындардың өздерінің шыққан мемлекетіне өз еркімен қайта оралуы көші-қон саясатының негізгі бағыттарының бірі

болып табылады, оны жүзеге асыру мыналарды көздейді:  
әрбір жеке адамға дара көзқарас;  
өзінің тұрақты тұратын жеріне қайта оралуға мүдделі адамның ерікті түрде  
білдірген тілегінің болуы;  
қайта оралу процесіне мемлекеттің қатысуы;  
кемсітушілікке жол бермеу және адам құқықтарын сақтау ұлттық әдет-ғұрыптар  
мен дәстүрлерді ескеру;

қайтып оралатын аймақтағы ахуал туралы бәрін қамтыған және объективті  
ақпараттың болуы. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мұндай ақпараттарды,  
соның ішінде тәуелсіз көздерден алуға ықпал жасауы тиіс. Адам құқықтарын сақтау  
және жеке бастың қауіпсіздігі саласындағы жағдайға байқау жүргізетін халықаралық  
және мемлекеттік емес ұйымдар маңызды рөл атқарады.

4. Көшіп келуді бақылау жүйесін жасау және дамыту.

Заңсыз көші-қонның жолын кесу Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін, оның  
экономикалық мүддесін және қазақстандық азаматтардың мүддесін қамтамасыз етудің  
аса маңызды факторы болып табылады.

Қазақстандағы көші-қон бақылауының қазіргі жүйесі заңсыз көші-қонның  
қалыптасқан жағдайына сай емес. Сондықтан көші-қон процестерін басқаруды  
ұйымдастыру кезінде Қазақстанның халықаралық міндеттемелерді орындауы, адам  
құқықтарын іске асыру және мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау, соның ішінде  
оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттарын негізге алу қажет.

Көшіп келушілердің, бірінші кезекте заңсыз көшіп келушілердің ағынына  
байланысты Қазақстан үшін жаңа проблемалар мемлекеттік органдардың өз құзыреті  
шегінде күш-жігерін үйлестіруді талап етеді.

Қазақстанға заңсыз келген және оның аумағында тұратын көшіп келушілер  
өздерінің диаспоралары мен қауымдастығы тарапынан көмек алады, сол арқылы  
өздерінің мақсатына жету жөніндегі іс-қимылдарға мейлінше ықшам және әзір болып  
келеді.

Заңсыз көшіп келуді болдырмау және оның жолын кесу үшін осы проблеманы  
шешуге кешенді көзқарас және атқарушы органдардың мынадай бағыттар бойынша  
бірлескен іс-қимылы негіз болуға тиіс:

көшіп келуді бақылаудың пәрменді бірыңғай жүйесін жасау процесін жеделдету бір  
жағынан, көшіп-қонушылардың заңнамалық құқықтарын қорғауды көздейтін көші-қон  
заңдарын жетілдіру, екінші жағынан, Қазақстан Республикасының заңнамаларын  
бұзған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шаралар қолдану, соның ішінде  
және оларды жер аударуды да жүзеге асыру;

босқындар деп танылған адамдардың елдің әлеуметтік-экономикалық өміріне  
тезірек бітеқайнасып кетуі үшін жағдайлар жасау;

белгілі бір құқықтық мәртебесі жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар үшін

уақытша орналастырылатын арнаулы орталықтар желісін құру;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттердің әрқайсысымен шарттық процесті жандандыру және Достастық шеңберінде ішкі және сыртқы шекаралардағы, заңсыз көшіп келуге қарсы күрестегі жағдай үшін міндеттемелер мен жауапкершілік нақты белгіленген тиісті келісімдерді жасасу;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамаларының шегінде жергілікті атқарушы органдардың өздеріне бағынышты аумақтарға шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың болу нормалары мен ережелерін сақтаудағы жауапкершілігін арттыру;

шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың келу, болу және кету мәселелеріне байланысты мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру және олардың арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайту;

мемлекет ауқымында шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, олардың саны, орналастырылған жері, олардан этникалық немесе басқа негізде диаспоралар мен қауымдардың құрылуы туралы тұрақты ақпарат алып отыруға мүмкіндік беретін бірыңғай есепке алу жүйесін қалыптастыру (көші-қон ақпарат орталығы).

#### 5. Еңбек көші-қонын реттеу.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалануға бақылау жасауды, отандық еңбек рыногын қорғауды, бос тұрған жұмыс орындарына қазақстандық азаматтардың алынуына басым құқықты қамтамасыз етуді, Қазақстан Республикасының аумағына келіп жатқан еңбекші көшіп-қонушылар туралы жариялап отыруды, жұмыс берушілердің шетелдік қызметкерлерді нысаналы пайдалану, еңбек келісім-шарттары талаптарын сақтауын қамти отырып, еңбек көші-қоны проблемаларын шешуде өзара іс-қимылды күшейту жөніндегі шараларды жүзеге асыруы қажет.

Заңсыз еңбек көші-қонына қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыру және шетелдік қызметкерлердің жұмысы аяқталғаннан кейін Қазақстаннан уақытылы кетуіне және қолданылып жүрген заңнамаларды бұза отырып жұмысқа қабылданған шетелдіктерді жер аударуды бақылауды ұйымдастыру.

Еліміздің өндіргіш күштерін трансформациялау күтілуде, бұл орайда батыс, солтүстік, шығыс және оңтүстік аймақтар басым дамуға ие болады. Орталық аймақта тау-кен өндіру және қайта өңдеу салалары бойынша мамандандырылған қалалар мен поселкелер басым даму бағытын сақтайды.

Ауыл халқы жердің табиғи құнарлылығы төмен аймақтардан жерінің кадастрлық бағасы 60-90 балдан төмен емес, құнарлылығы жоғары аймақтарға қоныс аударатын болады.

Ауыл шаруашылығында табиғи-климаттық жағдайы қолайлы аймақтарда жаңа жұмыс орындарының пайда болуы күтілуде және керісінше, жерінің кадастрлық бағасы 50 балдан төмен аймақтардан ауыл шаруашылығы өндірісінің ықшамдалу процесі және



жұмыс орнының азаюы салдары ретінде халықтың көшіп кетуі орын алады.

Халықты қоныстандыру саясаты адамдарды өндірісі тиімсіз аймақтардан тіршілік ету және жұмыс істеу үшін қолайлы аймақтарға көшіруге жағдай жасайтын белсенді шараларды көздейді.

Еңбекке қабілетті халықтың ауылдан қалаға қазіргі жүріп жатқан көші-қоны реттеліп, жаңа тепе-теңдікпен қалыптастырылады, бұл орайда шамамен халықтың 25%-ы ауылда тұрып қалатын болады.

Жаңа жұмыс орындары халықтың экономикалық белсенді тобының көші-қон толқынын туғызады. Халықтың көші-қоны өндірістік қуаттарды орналастыруға сәйкес және жұмыс орнын ашу ескеріле отырып жүзеге асырылатын болады.

Халықтың еңбекке қабілетті бөлігі жері тиімді пайдаланылатын және инфрақұрылымы дамыған аймақтарға қоныс аударатын болады.

### Ұзақ мерзімді болашаққа

1. Бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясат арқылы көші-қон ағынын қайта бағдарлау негізінде халықты орналастыру.

Елімізде әлеуметтік-экономикалық ахуалдың дұрысталуына қарай, көші-қонның ауылдан қалаға бет алған дәстүрлі бағытымен қатар, халықтың оңтүстік аймақтардан солтүстіктен қоныс аударуына ұласатын көші-қонның жаңа бағыты пайда болуы мүмкін.

Егер көші-қонның қаладан ауылға бет алуы ауыл экономикасы салаларының жедел дамуына, ішкі рынокта азық-түлік тауарларының жеткілікті болу принципін сақталуы жағдайында еңбек өнімділігін арттыруға негізделсе, ауылдан қалаға бет алған көші-қон қазақстан қоғамының ұзақ мерзімдік мүддесіне сай келеді.

Мемлекет орталық және жергілікті атқарушы органдар арқылы инфрақұрылым мен әлеуметтік саланы дамытудағы жауапкершілікті өз мойнына алады. Жеке меншік сектордың бәсекелестік қабілеті бар кәсіпорындарына жұмыс күшін тарту, қызметкерлерді алу, оларды көшіру және тұрмыс пен еңбектің қолайсыз жағдайларының өтемі ретіндегі жеңілдіктердің барлық түрлерін беру кәсіпорын есебінен жүзеге асырылатын болады.

2. Халықаралық еңбек рыногына Қазақстанның өркениетті ықпалдасуын қамтамасыз ету, эмигранттар арасынан білікті мамандардың қайтып оралуын ынталандыру.

Қазақстан Республикасы өзіне халықаралық шарттар енгізген шектеулер шеңберінде өзінің экономикалық мүдделерін, ішкі еңбек рыногын қоса қорғау мақсатында сыртқы көші-қонды реттеуді жүзеге асыратын болады.

Шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде Қазақстан Республикасы өзінің геосаяси және экономикалық мүдделерін басшылыққа ала отырып, жоғары білікті, бағалы еңбекші

көшіп-қонушыларды және ішкі еңбек рыногында жеткіліксіз болып отырған кәсіптер мен мамандық иелерін бірінші кезекте қабылдауды жүзеге асыратын болады.

Бұрын шет елге тұрақты тұру үшін немесе еңбек келісім-шартымен кетіп қалған отандастарымыздың, бірінші кезекте ғалым, жоғары білікті мамандардың басқа да санаттарының, кәсіпкерлердің - әлеуетті инвесторлардың Қазақстанға қайтып оралуын ынталандыру маңызды міндет болып табылады.

3. Қазақстан аумағында көшіп келу процестерін бақылауды қамтамасыз ету м ы н а л а р д ы к ө з д е й д і :

көші-қонды бақылау қосындарын және көші-қон инспекциясын қоса, көші-қон органдарының қызметін дамыту және жетілдіру арқылы бірыңғай көші-қон бақылауын е н г і з у ж ә н е жү з е г е а с ы р у ;

баспана іздеген адамдарды қабылдау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдай жасау;

тезірек бітеқайнасып кету жөніндегі арнаулы бағдарламаны әзірлеу және республиканың мүддесі үшін көшіп-қонушылардың интеллектуалдық және еңбек әлеуетін пайдалану үшін жағдай жасау.

4. Шет елдердегі отандастармен сындарлы өзара қарым-қатынасты қолдау және д а м ы т у .

Перспективада әртүрлі елдерде, ең алдымен бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының аумағында Қазақстанмен этникалық тамырлары байланысты жеткілікті дәрежеде көптеген диаспора тіршілік ететін болады. Орталық және жергілікті атқарушы органдар көрсетілген мемлекеттермен өзара тиімді саяси, экономикалық, мәдени байланыстарды басым дамыту саясатын жүргізіп, мынадай шаралар кешенін жүзеге асыратын болады:

туыстық қарым-қатынастарға жәрдемдесу, шекарадан өту және Қазақстан аумағында болу рәсімдерін оңтайландыру;

еңбек қызметін және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға, оқуға, азаматтық және Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхат алуға басымдықпен қол жеткізу бөлігінде өзге шетелдіктердің алдында шетелдік отандастарымыз үшін пұрсаттылықты қ а м т а м а с ы з е т у ;

шекара маңындағы ынтымақтастықты, соның ішінде бірлескен экономикалық және мәдени жобаларды жүзеге асыруды дамыту.

5. Босқын деп танылған адамдардың әлеуметтік ортаға тезірек бітеқайнасып кету жағдайын қ а м т а м а с ы з е т у .

Қазақстанда қалыптасқан нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, нарықтық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты босқын деп танылған адамдардың әлеуметтік ортаға бітеқайнасып кету тетігін жасау.

4. Көші-қон саясатының міндеттері

Көші-қон саясатын іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет органдары, қоғамдық бірлестіктері алдында:

1. Сыртқы саясат саласында:

мемлекетаралық деңгейде оралмандар, босқындар, мәжбүрлі қоныс аударушылар проблемасын шешудің екі жақты және көп жақты форматының тетігін әзірлеу және жүзеге асыру мемлекеттердің - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушылардың жанжалдарды болдырмау мен этникалық және діни проблемаларды бейбіт шешудегі ы н т ы м а қ т а с т ы ғ ы ;

көші-қон процестерін реттеу және көшіп-қонушылар шыққан елдермен тиісті ақпараттар алмасу жөнінде Қазақстан Республикасының мемлекетаралық шарттарын ж а с а с у ы ;

көші-қон жөніндегі ұлттық заңнамаларының үйлесімін жасау;

Қазақстанның еңбеккер көшіп-қонушыларының құқықтары туралы екі жақты және кө п ж а қ т ы к е л і с і м г е қ о с ы л у ы ;

Қазақстан Республикасының шекара маңындағы сауданы оңтайландыру, мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жанжалдарды жеңілдету жөніндегі мемлекетаралық және үкіметаралық уағдаластықтарға қол жеткізуі;

отандастарымыздың тұрып жатқан елдердегі толық құқылы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму құқығын іске асыруға жәрдемдесу, Қазақстанмен рухани және өзге де байланыстарын қамтамасыз ету;

көші-қон проблемаларын шешу мүддесінде шетелдердің көші-қон қызметтерімен, халықаралық мемлекеттік емес және гуманитарлық ұйымдарымен өзара іс-қимыл м і н д е т т е р і т ұ р .

2. Ішкі саясат саласында және әлеуметтік-экономикалық салада:

оралмандарды жайластыру, мемлекеттік атаулы көмек беруді дамыту және оларды қ о л д а у ү ш і н ж а ғ д а й л а р ж а с а у ;

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық реформаларының негізгі бағыттарымен демографиялық және көші-қон саясаты басымдықтарының үйлесімі;

көші-қон саясаты басымдықтарын ескере отырып көші-қон бағдарламаларын ә з і р л е у ж әне і с к е а с ы р у ;

әлеуметтік-экономикалық дамудың аймақтық бағдарламалары құрамына оралмандарды жайластыру жөніндегі шаралар кешенін енгізу;

республиканың аймақтарындағы, еңбек рыногындағы, тұрғын үйге және мәдени-тұрмыстық саладағы әлеуметтік-экономикалық ахуал мониторингі;

оралмандарға көмек көрсететін қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл; шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың келуіне және кетуіне, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының аумағында болуына бақылау мәселелерін көздейтін нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу.

3. Заңнама саласында - Қазақстан Республикасының Заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін қабылдау.

#### 4. Ақпараттық салада :

рухани бірлік, халықтар достығы, қоғамдық және ұлтаралық келісім идеясын қалыптастыру және тарату ;

Қазақстан халықтарының тарихы және мәдениеті туралы білімдерді тарату; көшіп-қонушылардың ұлттық салт-дәстүрлерін ескеру бұқаралық ақпарат құралдарына көшіп-қонушылардың құқықтық және әлеуметтік-экономикалық жағдайын объективті түрде жариялауға жәрдемдесу;

көші-қон проблемаларын тиімді шешуге жағдай жасайтын оңды қоғамдық пікірлерді қалыптастыру Қазақстан Республикасының халқын көшіп-қонушылар психологиясының ерекшелігі, көшіп-қонушылар жағдайының себептері мен проблемалары, олардың бейімделуіндегі қиындықтар туралы объективті хабардар етіп отыру ;

көші-қон саласындағы инвестициялық жобалар туралы ақпараттарды жинау және тарату жүйесін орнықтыру .

#### 5. Көші-қон саясатын іске асырудың нысандары мен әдістері

Көші-қон саясатын іске асырудың басты бағдарламалық-нысаналық әдісі - республикалық көші-қон бағдарламаларын, өзге де нысаналы бағдарламаларды, атқарушы органдардың көші-қон проблемаларын шешуге бағытталған аймақтық бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру болып табылады. Бағдарлама көшіп-қонушылардың әртүрлі санаттарының проблемаларын шешуге сараланған

көзқарасты қоса, құқықтық, ұйымдық және экономикалық шараларды көздеуге тиіс.

Көші-қон процестерінің елдегі мемлекеттік қауіпсіздікке қоғамдық келісімге, экономикалық және демографиялық ахуалға ықпалының жан-жақты сипатын ескере отырып, көші-қон саясатын әзірлеуге және іске асыруға орталық және жергілікті атқарушы органдар қатысуға тиіс.

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК